

УДК 39.321

**КӨНЕ ТҮРКІЛЕРДІҢ ТОТЕМДІК ҰҒЫМДАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ  
СИМВОЛИКАЛЫҚ МӘНІ**

Әсет Бейсенгүл

[aset-beisen@mail.ru](mailto:aset-beisen@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті халықаралық қатынастар факультеті  
Түркітану мамандығының 2 курс магистранты. Нұр-Сұлтан қ. Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Ибраев Ш.

Ғасырлар тоғысында тәуелсіздік алып, отаршылдық идеологиясынан азат болып, жаһандану үдерісінің әрқилы әсер-ықпалына тап болған қазіргі қазақ мәдениеті жаңа тарихи дәуірге қадам басып, іштей ұлттық жадымызды қайта жаңғырту мен рухани құндылықтарымызды зерделеп, қайта түлеу кезеңін бастан өткеруде.

Тәуелсіздік тарихымыздың барысында, рухани қайта жаңғыру уақытында тек материалдық құндылықтарымыздың ғана емес, сонымен қатар рухани құндылықтарымыздың, ұлттық дүниетанымымыз бен философиямыздың, салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымыздың да тарихын зерттеудің, оның әрбір кезеңі мен дүниетанымдық сұрақтарына жан-жақты талдау жасаудың және сол туралы білімді, танымды артырудың маңыздылығы бәрімізге мәлім. Өйткені қай заманды алсаңыз да, тарих - халықтың ұлттық санасын қалыптастыру, ұлттық құндылықтарды тану, жас ұрпақты отан сүйгіштік рухына тәрбиелеу және олардың келешекке деген сенімін нығайту қызметін атқарған [1].

Осы тұрғыдан талданылатын қазақ мәдениеті мен тарихының ерте кезеңіне тән көне түркілер – әлемдік тарих пен мәдениетті жасауда айрықша кезең және өркениет дамуын көрсететін тарихи шындық болып табылады. Көне түркілер түркі халықтарының жүйелі қоғамдық құрылымымен, соғыс өнерімен, жазба мәдени дәстүрімен, тілімен ерекшеленіп, кейінгі түркі тілдес халықтарға ортақ мол руани мұраны қалдырды. Кең даланы ат тұяғымен дүбірлеткен түркілердің көкірек сарайы тек ерлік пен қайсарлыққа ғана емес, ғылым-білімге де толы екендігін шежіре-жылнамалардан, ел қазынасы - фольклорлық мұрағаттарымыздан да көрініс тапты.

Бүгінгі күні сол түркілік дүниетаным мен тарихты, мәдени мұраларды зерттеудің маңызы туралы аз айтылып-жазылып жатпағаны бәрімізге мәлім. Түркілер ертедегі ата-бабалардың тотемі ретінді қасқырды есептеген. Түрік қағандарының патшалық рәміздерінде қасқыр бейнесі болған. Оның бәрі сонау ықылым замандағы түрк әулетінің шығу тегі жайындағы көкбөрі мифінен тараған. Бөрі, қасқыр деген ұғымға қазақ баласы күні бүгінге дейін ерекше қарайды. Көкбөрінің киесін қазақ әлі күнге дейін арқаланады, көкбөрінің киесінен әлі күнге дейін сескеніп жүреді. Ерекше құдірет тұтады. Көк бөрі туралы сөз қазақ баласының жан-жүйесін шымырлатады. Өйткені, онда тарих қойнауларынан ғасырлар бойы қордаланған рухани күш бар. Қазақ халқының қасқырды тікелей өз атымен атамай «ит-құс», «Сырттан», «арлан», «ұлыма», «бөрі» деп атауы немесе ата-бабаларымыздың бауыр еті – балаларына Бөрібай, Бөрікұл, Бөлтірік, Қасқыр, Қасқырбай, Бөрі тәрізді осы «киелі жануардың» есімін беруі осының дәлелі.

Алдымен «көк бөрі» тотеміне байланысты қазақ фольклорлық мұрасында сақталған аңыз-әңгімелер мен ертегілердің тарихи негіздеріне тоқтала кетейік. Көк бөрі тотеміне байланысты генеалогиялық мифтің екі түрлі нұсқасы сақталған. Ата-бабаға табыну культі негізінде бізге жеткен түркі (ашина) тайпасының шығу тегі туралы бұл миф түркілердің айтуымен шамамен VI ғасырдың орта шенінде қытай жазба деректерінде бедер тапқан. Сөз болып отырған генеалогиялық мифтің тағы бір тарихи дерегін Түркі қағанатының алғашқы кезеңіне арналған ескірткіштен аңғаруға болады. Моңғолияның Бұғыты деген жерінен 1968 жылы табылған эпиграфиялық ескерткіш тақтада аяқ-қолдары шабылған адам мен қасқыр бейнесі қашалған [2].

Көшпелі түркілер өмірінде Қасқыр – символикалық мәні зор, халық тынысын кең танытатын, фольклорлық туындылардың барлық жанрларында мейлінше жиі өрнектелген бейнелердің бірі болып табылады. Қазақ ертегілерінде де қасқырдың бейнесі жан-жақты ашылады. Ондай ертегілерге «Қасқыр мен жігіт», «Сырттандар», «Сырттанның ажалы», «Ақ қасқыр», «Күйеу қасқыр», «Қасқырдың қамқорлығы» т.б. жатқызамыз.

Міне осындай мифтерден, аңыздардан, ертегілерден жан-жақты образы ашылып, дами түскен әрі күшті, әрі азулы, әрі ақылды, әрі еркін қасқыр бейнесі енді батырлар жырларында да көрініс тапты. Сондықтан да батырды бөріге теңеу үрдісі ықылым заманнан бері қайталанып келеді.

*Түркі халқы үшін  
Түн ұйықтамадым,  
Күндіз отырмадым.  
Қызыл қанымды төктім,  
Қара терімді ағыздым.  
Күш қуатымды бердім.  
Мен өзім ұзақ жорықтарға да бастадым.*

немесе:

*Teñri küç bertçk üçün qañim qağan süsi böri teg ermis, jaýisi qoj teg ermis.*

Тәңірі күш бергені үшін әкем қаған әскері бөрідей бопты, жаулары қойдай бопты [3,24]- деп келетін Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк сияқты батырлардың қаһармандық ерліктері баяндалатын Орхон жазба ескерткіштерінде де осы Көк бөріге деген тотемдік сарын басым болып келеді.

Түркі халықтарына ортақ көне ескерткіштердің бірі болып табылатын әйгілі «Оғыз-нама» дастанында Оғыз қағанды жеңіске бастайтын көк бурыл көкжал бөрі бейнесі бейнеленген. Оғыз қаған өзіне бағынбаған елдерге қарсы жорыққа аттанар алдында қарамағындағы бектері мен ел-жұртына:

*«...men senlerge boldum qağan, alalıñ jataqı qalqan, tamya bizge bolsun bujan, kök böri bolsuñuil uran. »[4, 81].*

Қазақ тіліндегі аудармасы:

*«Мен сендерге болдым қаған, алыңдар жақ пен қалқан, Таңба бізге болсын береке. Көк бөрі болсын ұран», - деп жарлық таратады. Оғыз қаған Үрім қағанға қарсы соғысқа аттанған кезде оның әскерін көк бөрі бастап жүреді. Оғыздың әскері тынығып жатқан бір сәтте батырдың шатырына көктен нұр-сәуле түседі. Сол сәуле иісінен бір көкжал қасқыр шыға келеді. Көкжал бөріге табанда тіл бітіп, Оғыз қағанға тіл қатқандығы Оғыз-наме дастанында былай деп келеді:*

*Їау erte boldukta  
Oғuz qaғanñuñ qurıqanıya  
Kün deg bir jaruq kirdi.  
Ol jaruqtun kök tülüklüg,  
Kök jalluy bedük bir erkek beri çikti.  
Oşul böri Oғuz qaғanға  
Söz berib turur erdi.  
Taqı dedi kim*

*Ai ai Oғuz  
Urum üstige sen atlar bolasan,  
Ai ai Oғuz  
tapuyıñlaryға men жүрүр болмаған.*

Қазақша жолма-жол аудармасы:

*Таңертең болғанда  
Оғыз қағанның шатырына  
күн сияқты бір жарық түсті.  
Ол жарықтан көк бурыл,  
көкжал әйдек бір арлан бөрі шықты  
Осы бөрі Оғыз қағанға  
былай деп, тіл қатты:  
«Ай, ай Оғыз!  
Ұрымға аттанып барарсың!  
Ай, ай Оғыз!*

*Қызметіңде мен жүрер болармын!» [5, 81]– дейді.*

Көк бөріні киелі санап, оны тотем тұту белгілері қай заманда болмасын қазақ халқының өмірімен тығыз байланысып, мәнін жоймай сақталып келген. Ал, мұның бір көрінісін қазақтың батырлар жырынан аңғаруға болады. Мәселен, «Ер Тарғын» жырында батырдың ерлігін төмендегідей етіп сипаттайды:

*Мінді батыр еріне,  
Іздеген жауға көріне,  
Келген қалмақ жолықты  
Тарғын сынды бөріге.  
Ай бетінен кіреді  
Күн бетінен шығады.  
Қойға кірді бір бөрі  
Бөріктіре қырады.*

*Талай қалмақ құлады[6, 116].*

Мұндай батырды көкжал бөріге теңеу әйгілі Махамбеттің батырлық жырларында да айқын көрініс тапқан:

*Мен, мен едім, мен едім,  
Мен Нарында жүргенде  
Еңіреп жүрген ер едім.  
Исатайдың барында  
Екі тарлан бөрі едім, -  
Біз ер едік, ер едік,  
Ен нарында жүргенде  
Талма талтүс шағында  
Тай жеген тарлан бөрі едік[7, 4], - деп жырланады.*

Ал ХІХ ғасырда өмір сүрген Сүйінбай ақын бөрілі байрақ туралы:

*Бөрілі байрақ астында –  
Бөгеліп көрген жан емен!  
Бөрідей жортып кеткенде,  
Бөлініп қалған жан емен!  
Бөрілі найза ұстаса,  
Түйремей кетке жан емен!  
Бөрілі байрақ құласа,  
Күремей кекен жан емен!  
Бөрі басы – ұраным,  
Бөрілі менің байрағым.  
Бөрілі байрақ көтерсе,  
Қозып кетер, қайдағым, – [8, 24] деп ұрандатқан.*

Күллі түркіге ұран болған бұл киелі рәміз туралы академик Әлкей Марғұлан жетпісінші жылдары жазған «Қасқыр бейнеленген петроглифтер. Шапырашты тайпасының тотемі» деген зерттеуінде былай дейді: «Қасқыр бейнелерінің мол таралуы – ежелгі тайпалардың қайсарлықты үлгі етіп, қасқырды тотем еткендігінің айғағы. Бөріні тотем ету рәсімі қазақта ғұндардың кейбір салтын бүгінгі күнге ұластырған Ұлы жүздегі шапырашты тайпасының жорасынан байқалады. Этностық тұрғыдан шапырашты Жетісудағы ежелгі ғұндардың тұқым-тұяғы, анығырақ айтқанда, бұл сүйек ғұндардың икей (икюй) деген тайпасының жұрнағы. Әйгілі ақындар Сүйінбай мен Жамбыл осы рудан шыққан... Қасқырға тәу ету ғұрпы мыңдаған жылдар бойы шапырашты ұрпағы арасында жалғасып келгендіктен осы салттың кейбір сілемдері бүгіндері де ел арасында бар. Мысалы, аяғы ауыр аналар жерігін басу үшін қасқырдың бауыры мен жүрегін жейтін болған, бесікке тұмар етіп бөрінің құлағы мен тырнағын ілу жорасы да бар. Кейбір әулетте найзаға байланған бөрі бейнелі жалау сақталған. Жамбылдың айтуынша, Сұраншы мен Бұғыбай батырлардың найзасында бөрі басы тағылған» [9].

Жалпы алғанда, қазақ фольклорында бөрі мифтік әңгімелермен, ертегілермен қатар көркем туындылардың да кейіпкері болып табылатын, халықтың ежелгі наным-сенімін танытатын, жан-жақты сомдалған күрделі тұлға болып табылады. Көк бөрі бейнесі бүгінгі таңда М. Әуезовтің «Көксерек», М. Мағауиннің «Қасқыр-Бөрісі» мен «Түйеші Қамбар», Ғ. Құлахметтің «Үйірі жоқ көкжал», Д. Рамазанның «Көкжал», А. Алтайдың «Туажат» және тағы да басқа әдеби шығармаларда да көрініс тапты.

Әйтсе де Көк Бөрі туралы мифтер мен аңыз-эпсаналар болсын, ертегі немесе қазіргі таңдағы көркем әдеби шығармалар болсын бөрінің негізгі айтар ойы — ежелгі түркілердің ататегі бөрі деген ұғымнан жалғасын тапқан, адам мен осы бір киелі аңның арасындағы тылсым байланысты сипаттау. Ал Бөрі символикасының астарында ата-бабаларымыздың дүние, әлем, жаратылыс туралы танымымен қатар ерлік пен қайсарлық, бірсөзділік пен адалдық, батырлық пен қайсар рух жөніндегі моральдық қағидалары, ұстанымдары да бой көрсетеді. Міне сондықтан да ата-бабаларымыз төтемдік дәрежеге дейін көтерген, бүгінгі таңда рухани мәдениетіміз бен өмірімізде трансформацияланып, стильдік өзгеріске түскен осы бір қасиетті жануардың символикалық мәнін анықтап, зерттеу және оны бүгінгі күнгі рухани мәдениетіміздің көрінісі ретінде ұлттық ою-өрнектерімізде, эмблемалар мен ұлттық стильдегі таңбаларда, мультфильмдерде ұтымды

пайдалана білу, сол арқылы ұлттық танымымыз бен түсінігімізді қалыптастырып, болашақты тарихпен байланыстыруда ерекше маңызға ие болып табылмақ.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Н. Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы, Егемен Қазақстан №70(29051) 12 сәуір, 2017 жыл.
2. Бичурин Н.Я. (Иакинф). Орта Азияны мекендеген халықтардың көне заманғы тарихы. Орыс тілінен аударған Әкім Тарази. – Астана: Фолиант, 2011.
3. АСЫЛ МҰРА түркі антологиясы, ҚР Білім және ғылым министрлігі Түркі академиясы, Астана – 2012. КҮЛТЕГІН ескерткішінің мәтіні
4. АСЫЛ МҰРА түркі антологиясы, ҚР Білім және ғылым министрлігі Түркі академиясы, Астана – 2012. «ОҒЫЗ-НАМА» ескерткішінің мәтіні.
5. Оғыз-наме. Мұхаббат-наме. Алматы, «Ғылым», 1986. 36-б.
6. Батырлар жыры. III том. Алматы, «Жазушы», 1987. 136-б.
7. Кульбаева М.М., Махамбет шығармаларындағы көк бөрі бейнесі, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті.
8. Сүйінбай Аронұлы. Алматы, 1990
9. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы, «Жазушы», 1985. 7-8-бб.